

Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылары үшін сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтыну нормаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 2/132 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 3/522 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2024 жылғы 11 қазанда № 1790-02 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылары үшін сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтыну нормаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 2/132 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1375 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Е. Досаев